



«Бекітемін»

«Дарын» РҒПО директоры

Г. Турсунов

2025 жылғы «13» 10

Сыни ойлау және философия бойынша республикалық олимпиаданы өткізу туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес әзірленген және іс-шараның мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етілуін, өткізу мен қатысу тәртібін, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау рәсімін айқындайды.

2. 9-11(12) сынып оқушыларына арналған Сыни ойлау және философия бойынша республикалық олимпиада (бұдан әрі - Олимпиада) мектеп оқушылары арасындағы жыл сайын өткізілетін зияткерлік сайыс.

3. Олимпиада ұйымдастырушылары: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі - «Дарын» РҒПО) және «COSMOS NPIO» коммерциялық емес ұйымы.

2. Олимпиаданың мақсаттары мен міндеттері

4. Олимпиаданың мақсаттары:

1) Қазақстандағы орта мектепте философиялық білім беруді дамытуға және жоғары сынып оқушыларының философияға деген қызығушылығын арттыруға ықпал ету;

2) білімге құмарлықты, сыни мен шығармашылық ойлауды дамыту;

3) ғылымды, өнерді және әлеуметтік өмірді философиялық тұрғыдан түсінуге жағдай жасау;

4) Қазақстан мен қазіргі әлем мәселелерін этикалық тұрғыдан түсіну қабілетін қалыптастыру;

5) жоғары сынып оқушыларында өздігінен ойлауды және жауапкершілікті дамыту.

3. Олимпиадаға қатысушылар

5. Олимпиадаға жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың, дарынды балаларға арналған арнайы білім беру

Handwritten signatures and initials in blue ink.

ұйымдарының, сондай-ақ «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның (бұдан әрі – «НЗМ» ДББҰ), республикалық білім беру ұйымдарының (бұдан әрі - РББҰ) 9–11(12) сынып оқушылары қатыса алады.

6. Олимпиада 4 кезеңде өткізіледі (өткізу тілі- ағылшын тілі):

1 кезең – мектепшілік кезең;

2 кезең – аудандық кезең;

3 кезең – облыстық кезең;

4 кезең – республикалық кезең

7. Олимпиадаға ағылшын тілін жетік меңгерген оқушылар қатыса алады (B1 деңгейінен төмен емес).

8. Философия пәні бойынша олимпиадалық резерв құрамына енген қатысушылар Олимпиаданың алдыңғы кезеңдерге қатыспай, республикалық кезеңге жіберіледі.

4. Ұйымдастыру және өткізу тәртібі

9. Ұйымдастыру комитетінің құрамына «Дарын» РҒПО және «COSMOS NPIO» коммерциялық емес ұйымының өкілдері кіреді.

10. Ұйымдастыру комитеті Олимпиада кезеңдерін өткізеді және дайындық жұмыстарын жүзеге асырайды, тапсырмалармен қамтамасыз етеді, оларды бағалау критерийлерін айқындайды, қазылар алқасының құрамын және IV кезең қатысушыларының тізімін бекітеді, Олимпиада қорытындысын шығарады және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайды.

11. Мектепшілік, аудандық және облыстық кезеңдерін облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, "НЗМ" ДББҰ мен РББҰ ұйымдастырады.

12. Мектепшілік кезеңінің форматы - офлайн. Мектеп кезеңін өткізетін жауапты мамандар қатысушыларды жұмыс орындарымен, жауап парақтарымен, ақпараттық және ұйымдастырушылық қолдаумен, сондай-ақ Олимпиаданы өткізуге қажетті жағдайлармен қамтамасыз етеді.

13. Мектепшілік кезеңінің қорытындысы бойынша әр мектеп аудандық кезеңге қатысу үшін 6 оқушыны ұсынады (9, 10 және 11(12) сыныптардан 2 оқушыдан).

14. Аудандық кезеңінің қорытындысы бойынша облыстық кезеңге 9, 10 және 11(12) сыныптар арасынан ең көп балл жинаған 2 қатысушыдан жеке-жеке іріктеледі.

15. Облыстық кезеңінің қорытындысы бойынша республикалық кезеңге республикалық жалпы есепте ең жоғары балл жинаған қатысушылар іріктеледі:

- 9 сынып - 20 қатысушы;



2


- 10 сынып - 35 қатысушы;
- 11(12) сынып - 45 қатысушы.

16. Мектептер Олимпиаданың мектепішілік кезеңін ұйымдастыру және өткізу үшін жауапты маманды бекітеді.

17. Олимпиаданың мектепішілік кезеңі 2025 жылғы 20-25 қазан аралығында өткізіледі.

- 1) Мектепішілік кезең офлайн форматта тестілеу түрінде өткізіледі.
- 2) Тест философиялық мәтіндер негізінде сыни оқуды және сыни ойлауды анықтауға бағытталған жабық және ашық түрдегі 20 сұрақты қамтиды.
- 3) Тестті орындау уақыты - 60 минут.

18. Олимпиаданың аудандық кезеңі Ұйымдастыру комитеті 2025 жылғы 1-20 қараша аралығында белгілеген күні өткізеді.

- 1) Аудандық кезең онлайн платформада тестілеу түрінде өткізіледі.
- 2) Тест ағылшын тілінде философиялық мәтіндер негізінде сыни оқуды және сыни ойлауды анықтауға бағытталған жабық түрдегі 50 сұрақты қамтиды.
- 3) Тестті орындау уақыты - 90 минут.

4) Аудандық кезеңнің нәтижелері Олимпиада кезеңі аяқталғаннан кейін 48 сағат ішінде «Дарын» РҒПО-ның ресми сайтында жарияланады.

19. Олимпиаданың облыстық кезеңі Ұйымдастыру комитеті 2025 жылғы 20-25 желтоқсан аралығында белгілеген күні өткізеді.

- 1) Облыстық кезең мәтінді талдау негізінде тест шешу түрінде өткізіледі.
- 2) Тест ағылшын тіліндегі 30 сұрақтан құралады.
- 3) Тестті орындау уақыты - 90 минут.

20. Облыстық кезеңді қазылар алқасы бағалайды және нәтижелер 48 сағат ішінде «Дарын» РҒПО-ның ресми сайтында жарияланады.

21. Олимпиаданың республикалық кезеңінің өткізілу күні Ұйымдастыру комитеті 2026 жылғы 1-28 ақпан аралығында белгілеген күні тағайындалады.

22. Республикалық кезеңінің қатысушылары берілген мәтін негізінде ағылшын тілінде эссе жазады.

1) Эссеге қойылатын талаптар:

- көлемі 500-700 сөз;
- эссе жазу ұзақтығы – 180 минут;
- эссе мәтінінде авторды тікелей немесе жанама көрсетуге тыйым салынады;

2) Республикалық кезеңді қазылар алқасы бағалайды және нәтижелер екі апта ішінде «Дарын» РҒПО-ның ресми сайтында жарияланады.

5. Олимпиадаға қатысушылар жұмыстарын бағалау тәртібі

23. Бірінші кезеңді бағалау.

Мектеп кезеңін қазылар алқасының мүшелері дұрыс жауаптар (кілттер) базасы негізінде бағалайды.

24. Аудандық және облыстық кезеңдерді бағалау.

Тест тапсырмалары дұрыс жауаптар базасы (кілттер) негізінде бағаланады.

25. Республикалық кезеңін бағалау.

Эссе келесі критерийлер бойынша бағаланады:

1) формалды критерийлер (сөздердің максималды саны, мәтінде эссе авторының жеке тұлғасын анықтауға мүмкіндік беретін мәліметтердің болмауы, мәтінді анық танып білуге мүмкіндік бермейтін түсініксіз мәтін, эссе жазылып отырған дәйексөзге сілтеменің болмауы);

2) мазмұны келесі критерийлер бойынша бағаланады:

- тақырыптың өзектілігі (тақырыптың философиялық негізі мен өзектілігі көрсетілген; қатысушы өмірден, өнерден, ғылымнан, саясаттан және т.б. мысалдар келтіре отырып, тақырыптың проблематикасын ашып түсіндіреді);

- тақырыпты философиялық тұрғыдан түсіну (тақырып дәйексөзге сәйкес ашылған; тақырыпқа қатысты ұғымдар қолданылған; осы тақырып бойынша әртүрлі философиялық ұстанымдар көрсетілген; тақырыпқа сай ойшылдардың ұстанымдары келтірілген);

- дәлелдердің сенімділігі (қатысушы өз ұстанымын/тезисін айқын әрі нақты тұжырымдаған; қатысушы өз ұстанымын/тезисін қолдау үшін қисынды әрі бірізді дәлелдер келтірген; қатысушы балама ұстанымдарды/тезистерді ескеріп, оларға контраргумент келтірген);

- келісімділік (эссе бірізді және логикалық дамыған ойдан тұрады (байланыссыз немесе ашылмаған ойлар, дәйексөзбен, қатысушының аргументациясымен және тақырыпты ашумен байланысты емес));

- түпнұсқалық және тереңдік (тақырып бойынша ой тарихындағы жалпы қабылданған ұстанымдарды қайталамай, қатысушы өз ұстанымын қалыптастырады; қатысушы өз ұстанымын егжей-тегжейлі зерттеп, тақырыпты кеңінен ашады).

3) Қазылар алқасының әр мүшесі эссені 25 баллға бағалайды. Әрбір критерий 5 баллға бағаланады. Қазылар алқасының мүшесі критерийге қаншалықты сәйкес келетініне байланысты эссені әр критерий бойынша 0, 1, 2, 3, 3.5, 4, 4.5 немесе 5 баллмен бағалайды.

4) Әр эссені қазылар алқасының 2 мүшесі оқиды. Егер бағалаудағы айырмашылық 6 баллдан асатын болса, эссені қазылар алқасының тағы 1 мүшесі қайта тексереді.

5) Эссені қазылар алқасы бағалағаннан кейін орташа баға шығарылады.

6) Орташа баға негізінде Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері анықталады және Халықаралық философия олимпиадасына (IPO) қатысу үшін Қазақстанның құрамасы қалыптасады.

7) Олимпиаданың республикалық кезеңінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері дипломдармен марапатталады, қатысушыларға сертификаттар беріледі.

1-қосымша. Қатысушылар туралы ақпарат

ЖСН	Облыс / қала	Қатысушының толық аты-жөні (аты, әкесінің аты, тегі)	Сын ып	Білім беру ұйымы	Ағылшын тілін білу деңгейі	Қатысушының электрондық поштасы	Мұғалімнің толық аты-жөні	Мұғалімнің ЖСН

